

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1144 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарында :

2005-2007 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесінде (5-бөлім):

"Республикалық бюджеттен дамытуға және кредит беруге арналған мақсатты трансферттердің есебінен қаржыландырылатын басымды жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) 2005-2007 жылдарға арналған тізбесі" деген кестеде :

"Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" деген кіші бөлімде:
реттік нөмірі 217 - жолда :

5-бағанда "707500" деген сандар "743803" деген сандармен ауыстырылсын;

7-бағанда "237500" деген сандар "273803" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 252 - жолда :

5-бағанда "820320" деген сандар "784017" деген сандармен ауыстырылсын;

7-бағанда "130000" деген сандар "93697" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада :

05 "Денсаулық сақтау" функционалдық тобында:

226 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" әкімшісі бойынша:

005 "Облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға берілетін нысаналы даму трансферттері"

бағдарламасы

бойынша :

"Алматы облысы Қарасай ауданының Шамалған ауылында 150 адам қабылдайтын емханасы бар 50 төсектік көп бейінді аурухана салу" деген жолда "237500" деген сандар "273803" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қызылорда облысының Жаңақорған кентінде 190 төсектік Жаңақорған орталық аудандық ауруханасын салу" деген жолда "130000" деген сандар "93697" деген сандармен ауыстырылсын;

3) "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған (екінші кезең) орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 тамыздағы N 884 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарында:

2006-2008 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесінде (5-бөлім):

"Республикалық бюджеттен дамытуға және кредит беруге арналған мақсатты трансферттердің есебінен қаржыландырылатын басымды жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) 2006-2008 жылдарға арналған тізбесі" деген кестеде :

"Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" деген кіші бөлімде: реттік нөмірі 105 - жолда :

5-бағанда "820320" деген сандар "784017" деген сандармен ауыстырылсын;

6-бағанда "130000" деген сандар "93697" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі